

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасындағы таратылатын банктердің аралық тарату балансының, басқа да есептерінің, тарату балансының нысандары және тарату комиссияларының оларды ұсыну мерзімдері мен тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде" 2001 жылғы 28 қазандағы N 419 қаулысына толықтыру мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 ақпандағы N 39 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 28 наурызда тіркелді. Тіркеу N 4137. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 375 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2012 № 375 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес келтіру мақсатында Агенттік Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Агенттік Басқармасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 40 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2777 тіркелген) енгізілген өзгерістері мен толықтырулары бар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасындағы таратылатын банктердің аралық тарату балансының, басқа да есептерінің, тарату балансының нысандары және тарату комиссияларының оларды ұсыну мерзімдері мен тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде" 2001 жылғы 28 қазандағы N 419 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1698 тіркелген) мынадай толықтыру мен өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы таратылатын банктердің аралық тарату балансының, басқа да есептерінің, тарату балансының нысандары және тарату комиссияларының оларды ұсыну мерзімдері мен тәртібі туралы нұсқаулықта:

14-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:
"1-1) Осы Нұсқаулықтың 9-тармағының 1)-5) тармақшасында көзделген құжаттар";

13	Ағымдағы берешек пен кредиторлар талаптарының барлығы													
----	---	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

мынадай редакцияда жазылсын:

10	Кредиторлар талаптарының жиынтығы													
11	Ағымдағы берешек пен кредиторлар талаптарының барлығы													

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Қаржы ұйымдарын тарату департаменті:

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне және банктердің тарату комиссияларына жіберсін.

4. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс бөлімі (Пернебаев Т.Ш.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Л.Бахмутоваға жүктелсін.

Төраға

Қазақстан Республикасы Қаржы
нарығын және қаржы ұйымдарын
реттеу мен қадағалау агенттігі
Басқармасының
2006 жылғы 25 ақпандағы

№ 39 қаулысының қосымшасы

"Қазақстан Республикасындағы таратылатын банктердің аралық тарату балансының, басқа да есептерінің, тарату балансының нысандары және тарату комиссияларының оларды ұсыну мерзімдері мен тәртібі туралы

нұсқаулықтың 17-қосымшасы

200__ жылғы "____" _____

(банктің атауы) міндеттемелердің жай-күйі туралы есеп
(есеп берген күн)

мың теңгемен

N	Көрсеткіштер	Символдар	Тарату процесінің басында	Алдыңғы есеп берген күнде	Есеп берген күнде	Өзгерістер	
						уақытша әкімшілік тағайындаған күнгі деректермен салыстырғанда	алдыңғы есеп берген күнгі деректермен салыстырғанда
1	2	3	4	5	6	7 (6-4-топтар)	8 (6-5-топтар)
1.	Міндеттемелер Оның ішінде:	100					
1.1.	Жеке тұлғалардың өміріне немесе денсаулығына зиян келтіргені үшін жауап бере отырып, таратылатын банк олардың талаптарын тиісті мерзімдік төлемдерді капиталдандыру жолымен	101					
1.2	Еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамдардың еңбекақысы мен өтемақысын төлеу, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударым бойынша берешекті, жалақыдан ұсталған алиментті және міндетті зейнетақы жарналарын, сондай-ақ авторлық шарттар бойынша сыйақылар төлеу бойынша	102					
	Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымдардың мәжбүрлеп таратылатын банкке						

1.3	ұсынылатын есеп айырысуға сәйкес кепілдік берілген депозиттер бойынша төленген (төленетін) өтемақы сомалары бойынша	103						
1.4	Депозиттер және акша аударымдары бойынша жеке тұлғалардың талаптары, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері есебінен жүзеге асырылған депозиттер бойынша талаптары, "өмірді сақтандыру" саласы бойынша тартылған қаражат есебінен жүзеге асырылған сақтандыру ұйымдарының депозиттері бойынша	104						
1.5	Тек қана қайырымдылық қызметімен айналысатын коммерциялық емес ұйымдармен, Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің ұйымдарымен және оған теңестірілген адамдардың ұйымдарымен, Қазақстан Республикасы Мүгедектерінің ерікті қоғамымен, Қазақ зағиптар қоғамымен, Қазақ саңыраулар қоғамымен және осы заңды тұлғалардың меншігі болып табылатын және олардың қаржысы есебінен құрылған өндірістік ұйымдармен, олардың банктік шоттарында бар және депозитке орналастырылған қаржысы бойынша басқа да мүгедектер	105						

	ұйымдарымен есеп айырысулар						
1.6	Таратылатын банктің мүлкін кепілге алумен қамтамасыз етілген міндеттемелер бойынша заңды тұлғалардың талаптары	106					
1.7	Салық, алым және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, сондай-ақ республикалық бюджеттен берілген кредиттерді қайтару жөніндегі берешектер	107					
1.8	басқа кредиторлармен Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес есеп айырысу	108					
1.9	Тарату ісінің ағымдағы берешегі, оның ішінде:	109					
1.9.1	тарату комиссиясы қызметкерлерінің алдында еңбекақы төлеу жөнінде	109.1					
1.9.2	ағымдағы салық, алым және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша банктің тарату комиссиясының берешегі	109.2					
1.9.3	басқа берешек	109.3					
2.	Ақысы төленген жарғылық капитал	200					

Тарату комиссиясының Төрағасы

_____ (а т ы - ж ө н і)

_____ (қ о л ы)

Бас бухгалтер

_____ (а т ы - ж ө н і)

_____ (қ о л ы)

Орындаушы

телефоны

_____ (а т ы - ж ө н і) _____ (қ о л ы) "

